

Бекітілді
Алатау қаласы Кеңесінің шешімімен
(2026 жылғы 13 тамыздағы № 2 хаттама)

2026 жылғы 13 тамыздағы
№ CR/T-1.01

**Алатау қаласындағы жобалар бойынша жобалау құжаттамасын
қарау, келісу, бекіту және құрылысқа арналған рұқсат беру
жөніндегі уақытша тәртіп туралы Реттеуші ереже**

1. «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 36-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына және 10-тармағына сәйкес Алатау қаласындағы жобалар бойынша жобалау құжаттамасын қарау, келісу, бекіту және құрылысқа арналған рұқсат беру жөніндегі уақытша тәртіп осы Реттеуші ережеге қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы Реттеуші ереже Алатау қаласы әкімшілігінің интернет-ресурсында орналастырылған күнінен кейін күнтізбелік бес күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алатау қаласындағы жобалар бойынша жобалау құжаттамасын
қарау, келісу, бекіту және құрылысқа арналған рұқсат беру
жөніндегі уақытша тәртіп**

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Алатау қаласындағы жобалар бойынша жобалау құжаттамасын қарау, келісу, бекіту және құрылысқа арналған рұқсат беру жөніндегі уақытша тәртіп (бұдан әрі – Уақытша тәртіп) Алатау қаласының тиісті заңнамалық актілері күшіне енгенге дейінгі өтпелі кезең ішінде қолданылады.

1.2. Уақытша тәртіп Алатау қаласының аумағында жобалау, құрылыс, рұқсат беру, сараптама, сондай-ақ құрылысты бақылау мен қадағалау мәселелерін реттейді.

2-тарау. Стандарттарды қолдануды реттеу

2.1. Алатау қаласындағы жобаларды (бұдан әрі – Жобалар) іске асыру үшін жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде халықаралық нормативтік-техникалық стандарттарды қолдануға жол беріледі.

2.2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілеріне «Alatau City Authority» Арнаулы басқару ұйымы (бұдан әрі – Әкімшілік) таныған қолданыстағы шетелдік және (немесе) жергілікті лицензиялар мен рұқсаттар негізінде Алатау қаласының аумағында құрылысты жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

2.3. Әкімшіліктің атқарушы органымен келісу бойынша және оның талаптарына сәйкес сапа сертификаттары мен өндіруші құжаттары болған кезде халықаралық ерекшеліктер (спецификациялар) бойынша импорттық және жергілікті құрылыс материалдарын, бұйымдары мен жабдықтарын қолдануға жол беріледі.

**3-тарау. Сарапшылық бағалау тетігі және жобалау құжаттамасын
кезең-кезеңімен бекіту**

3.1. Инфрақұрылым сапасы жоғары елдердің жобалау және құрылыс саласындағы жеке аккредиттелген сарапшыларының жобалау құжаттамасы бойынша оң сараптама қорытындыларын беруі (Сарапшылық бағалау) Әкімшіліктің атқарушы органының талаптарына

сәйкес жүзеге асырылуға тиіс және Әкімшіліктің атқарушы органының құрылысқа арналған рұқсат беруі үшін негіз болып табылады. Бұл ретте Әкімшіліктің атқарушы органының құрылысқа арналған рұқсат беруі үшін Әкімшілік белгілеген өзге де негіздер болуы мүмкін.

3.2. Әкімшіліктің рұқсаттар беруі тек Сарапшылық бағалау және (немесе) Әкімшіліктің өзге де талаптары негізінде ғана жүзеге асырылады.

3.3. Жобалар сараптамасы сапасыз жүргізілгені анықталған жағдайда жеке аккредиттелген сарапшылар Әкімшіліктің атқарушы органы белгілеген жауаптылықта болады. Оң сараптама қорытындысы бар сапасыз құрылыс жобалары немесе қала құрылысы жобалары үшін жеке аккредиттелген сарапшылар құрылыс жобаларының немесе қала құрылысы жобаларының тиісті әзірлеушілерімен қатар жауаптылықта болады.

3.4. Жобаларды іске асырудың кідіруіне жол бермеу мақсатында Әкімшіліктің атқарушы органына құрылыс және (немесе) қала құрылысы жөніндегі жобалау құжаттамасының тиісті бөлімдері бойынша, атап айтқанда: Жобаның бас жоспары, жер жұмыстары, қада жұмыстары, нөлдік цикл жұмыстары, құрылыс объектілерінің тіреу және қоршау конструкциялары жөніндегі жұмыстар, инженерлік желілер мен құрылысжайларды орнату бөлімдері, сондай-ақ құрылысты ұйымдастыру жобасы (қауіпсіздік техникасы, сапаны бақылау, жол жүрісін ұйымдастыру схемасы, құрылыс қалдықтарын басқару жоспары және басқалары) бойынша кезең-кезеңімен қарауға және қажет болған жағдайда рұқсаттар беруге құқық беріледі.

4-тарау. Рұқсат беру рәсімдері

4.1. Әкімшілікке бастапқы деректерді, сондай-ақ сәулет-жоспарлау тапсырмасын беруге, жобалау құжаттамасын келісу процесін үйлестіруге, өтемдік отырғызуды қамтамасыз ету шартымен жасыл екпелерді кесуге рұқсат беруге, сондай-ақ құрылысқа арналған рұқсат беруге құқық беріледі.

4.2. Алатау қаласының аумағында іске асырылатын «Alatau» арнайы экономикалық аймағы қатысушыларының жобалары бойынша Алатау қаласының мастер-жоспары қабылданғанға дейін жобалау және салу үшін рұқсат беру құжаттары беріледі.

4.3. Уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар, шұғыл қызметтер және коммуналдық ұйымдар Жобалардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында өз құзыреті шегінде Әкімшілікпен мынадай мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды: инженерлік инфрақұрылымға қосу және инженерлік желілерді шығару, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, қоршаған ортаны қорғау, экология, қоғамдық тәртіпті қорғау, медициналық және санитариялық-эпидемиологиялық сүйемелдеу, көліктік логистика.

5-тарау. Қажетті рұқсаттар мен келісулер

5.1. Жобаларды іске асыру үшін Әкімшіліктен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан (тиісінше) мынадай келісулерді және (немесе) рұқсат беру құжаттарын алу қажет:

- сәулет-жоспарлау тапсырмасы;
- құрылысқа арналған рұқсат;
- эскиздік жобаны келісу;
- жобалау құжаттамасын келісу;
- инженерлік ізденістер нәтижелерін келісу;
- құрылыс бас жоспарын келісу;
- құрылысты ұйымдастыру жобасын келісу (жол жүрісін ұйымдастыру схемаларын, құрылыс қалдықтарын басқару жоспарын және өзге де құжаттарды қоса алғанда);
- санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (қажет болған жағдайда);
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өрт қауіпсіздігі саласындағы құжаттар;
- объектілерді салу және пайдалануға беру үшін қажетті өзге де рұқсат беру құжаттары мен келісулер.

5.2. Уәкілетті мемлекеттік органдар, коммуналдық қызметтер мен ұйымдар Жобалар бойынша өтініштерді, сұрау салуларды және құжаттарды басым тәртіппен алынған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

6-тарау. Бақылау және қадағалау

6.1. Жобаларға қатысты мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауы, техникалық сүйемелдеу және мониторинг Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимінің ерекшеліктері ескеріле отырып, Әкімшіліктің атқарушы органы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

6.2. Әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды, сондай-ақ мұндай араласу адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті және мемлекеттің қорғанысын қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңды күшіне енген сот актілерін орындау үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мен ұйымдарының Әкімшілік бекіткен Жобалардың құрылысы мен іске асырылу процестеріне кедергі келтіретін араласуына жол берілмейді.

7-тарау. Қорытынды ереже

Өкімшіліктің атқарушы органы Уақытша тәртіпке оның тұжырымдамалық және елеулі ережелерін қозғамайтын өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.